– трансформаторлардың механикалық жүктеме қосындысы жел жылдамдығы 40 м/с, көктайғақтан мұздың қалыңдығы 20 мм және сым созылулары 500 Н есептелінген.

– трансформаторлар жер сілкінулерге төзімді, жер сілкіну интенсивтілігінің әсер етуі MSK–64 бойынша 8 балл нөлдік таңбамен белгіленген қондырғы деңгейі 70 м.

Трансформаторлар өнәркәсіптік жиіліктегі магниттік өріс кезіндегі электромагниттік кедергігілерге төзімді.

Трансформаторлар тіректік конструкция түрінде кескінделеді. Бір біріншілік және үш, төрт немесе бес екіншілік орамаларға ие.Оның бір өзгешелігі-егер тоқ трансформаторлары бес екіншілік орамалармен орындалса, онда осы орамалардың қуаты төмендейді: өлшеуге арналған орамасы–30 ВА-ден 15 ВА–ге, ал қорғаныс орамасы 30 ВА–ден 20 ВА–ге төмендейді.

Екіншілік орамалар тороидты магнит сымдарына оралған. V–4 екіншілік орамаларының конструктивті түрде орындалуыэлектр энергиясын өлшеуге және есептеуге, ал орамалары тізбек қорғаныстарының қоректенуіне, автоматикаға, сигнал беру мен басқаруға арналған.

Екіншілік орамдағы өлшеуге арналған магниттік сымдар қауіпсіздік үшін керекті коэффициентті талап етуде қанықтырудың төменгі

индукциясына ие. Біріншілік және екіншілік орамалар қатты блоктар тудыратын оқшауланған компаундигпен толтырылған. Екіншілік орамалар мен жерге тұйықталған блоктардың қорытындысы олар трансформатордың төменгі жақ бөлігінде орналасқан және қорғаныс қақпағымен жабылған. Құймалы блоктардатрансформатордың бекітілуге арналған төрт саңылауы металдық тақталарға бекітілген.

Біріншілік орамалардың қорытындысы Л1 және Л2 белгіленеді. V–4 екіншілік орамаларының қорытындысы электр энергиясын өлшеуге және есептеуге арналған, 1И1–1И2 және 2И1–2И2 белгіленеді, ал орамаларының қорытындысы тізбек қорғаныстарының қоректенуіне, автоматикаға, сигнал беру мен басқаруға 3И1–3И2 және 4И1–4И2 арналған.


Трансформатолар 40 жылға дейінгі қызмет уақытындажөндеулерді қажет етпейді. Бақылау аралық және байқау аралық арақашықтығы–8 жыл, бұл арақашықтық қызмет көрсететін қызметкердің білгенінше жоғарылауы мүмкін.

ТОЛ–35 типті тоқ трансформаторлары іс жүзінде пайдалануда қызмет көрсетулерді қажет етпейді, барлық ережелер мен стандартқа сай барлық керекті сипаттамаларды қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, бұл трансформаторларды пайдаланудағы тәжирибе бұл қондырғы сенімді әрі улкен қорларды қорғай алатынын көрсетті.

Тоқ трансформаторлары 0,2, 0,2 S, 0,5, 0,5S класс дәлдігіне, және барлық тапсырыс берушілердің талаптарына сай жіберіледі.


3 ТТ және ТН таңдау кезіндегі қысқа тұйықталу тоқтарын есептеу

Қысқа тұйықталу тоқтарын есептеу үшін орын басу сұлбасы мен оның есептелінетін параметрлері керек. Осы үшін барлық элемент сұлбалары сәйкесінше электрлік кедергілермен алмастырылады. ЭҚК ауыстырылады. Electronics Workbench бағдарламасы бойынша қысқа тұйықталу тоқтарын есептеудің мысалы А қосымшасында көрсетілген.



3.1 сурет – ЖЭС – 1 структуралық сұлбасы

ЖЭС структуралық сұлбасының орын басу сұлбасын құрамыз, оның барлық элементтерін кедергілермен алмастыру арқылы



3.2 сурет – Орынбасу сұлбасы

Есептеулерді салыстырмалы түрде келтіреміз.Генераторларға жақын орналасқан жүктемелерді G2 және G3 депбелгілеп, генератор ЭҚК $E''_* = 1$ дейін төмендеуін ескереміз. Өзіндік мұқтаждыққа жүктеме аз әсер етеді.

Кедергі сұлбасын (3.2сурет) анықтаймыз, бұл кездегі базалық қуат тең. $s_б = 1000 MB \cdot A$

Генератор кедергі G1

$$X_{*1} = x''_d \cdot \frac{S_б}{S_{ном}}; \qquad (3.1)$$

$$X_{*1} = 0{,}145 \cdot \frac{1000}{37{,}5} = 3{,}87 ш.б.$$

Генератор кедергілері G2 және G3

$$X_4 = X_{5*} = x''_d \cdot \frac{S_б}{S_н} = 0{,}195 \cdot \frac{1000}{75} = 2{,}6 ш.б.;$$

$$X_4 = X_{5*} = x''_d \cdot \frac{S_б}{S_н} = 0{,}195 \cdot \frac{1000}{75} = 2{,}6 ш.б.$$

G1 генераторының ЭҚК анықтаймы

$$E''_* = \sqrt{\left(I_0 X''_d \cos\varphi_0\right)^2 + \left(U_0 + I_0 x''_d \sin\varphi_0\right)^2}; \qquad (3.2)$$

$I_0 = 1;\ \ U_0 = 1;\ \cos\varphi_0 = 1;\ \sin\varphi_0 = 1;$

$$E''_* = \sqrt{\left(1 \cdot 0{,}145 \cdot 0{,}85\right)^2 + \left(1 + 1 \cdot 0{,}145 \cdot 0{,}53\right)^2} \approx 1{,}1.$$

Т1 және Т2 трансформаторларының кедергілері

$$U_{kB} = 0{,}5 \cdot (U_{кВ\text{-}С} + U_{кВ\text{-}Н} - U_{кС\text{-}Н}); \qquad (3.3)$$

$$U_{kC} = 0{,}5 \cdot (U_{кВ\text{-}С} + U_{кС\text{-}Н} - U_{кВ\text{-}Н}); \qquad (3.4)$$

$$U_{kN} = 0,5 \cdot (U_{кВ-Н} + U_{кС-Н} - U_{кВ-С}); \quad (3.5)$$

$$U_{kB} = 0,5(17,5 + 10,5 - 6,5) = 10,75\%;$$

$$U_{kC} = 0,5(10,5 + 6,5 - 17,5) = 0;$$

$$U_{kN} = 0,5(17,5 + 6,5 - 10,5) = 6,75\%;$$

$$X_{*T2,3} = \frac{x_T\%}{100} \cdot \frac{S_б}{S_{ном}}; \quad (3.6)$$

$$X_{*T2,3} = \frac{x_T\%}{100} \cdot \frac{S_б}{S_{ном}} = \frac{6,75}{100} \cdot \frac{1000}{6,6} = 10,23 ш.б.;$$

$$X_{*T7,8} = \frac{x_T\%}{100} \cdot \frac{S_б}{S_{ном}} = \frac{10,75}{100} \cdot \frac{1000}{115} = 0,93 ш.б.$$

Т3 және Т4 трансформаторларының кедергілері

$$X_{*T10,11} = \frac{x_T\%}{100} \cdot \frac{S_б}{S_{ном}}; \quad (4.7)$$

$$X_{*T10,11} = \frac{x_T\%}{100} \cdot \frac{S_б}{S_{ном}} = \frac{10,75}{100} \cdot \frac{1000}{121} = 0,89 ш.б.$$

W1 және W2 электр тарату желілерінің кедергілері

$$X_{*12} = X_{уд} \cdot l \cdot \frac{S_б}{U_{ср}^2}; \quad (4.8)$$

$$X_{*12} = X_{уд} \cdot l \cdot \frac{S_б}{U_{ср}^2} = 0,4 \cdot 50 \cdot \frac{1000}{115^2} = 1,5 ш.б.;$$

$$X_{*13} = X_{уд} \cdot l \cdot \frac{S_б}{U_{ср}^2} = 0,4 \cdot 32 \cdot \frac{1000}{115^2} = 0,97 ш.б.$$

К1 нүктесіндегі қысқа тұйықталу(G1 генераторының шығысында)

$$X_{14} = X_{12} + X_{13} = 1,5 + 0,97 = 2,47 ш.б.;$$

$$X_{15} = (X_2 + X_7) // (X_3 + X_8) = \frac{(10,23 + 0,935)(10,23 + 0,935)}{2(10,23 + 0,935)} = 5,58 ш.б.;$$

$$X_{16} = (X_{10} + X_4) //(X_5 + X_{11}) = \frac{(0{,}89 + 2{,}6)(0{,}89 + 2{,}6)}{2(0{,}89 + 2{,}6)} = 1{,}75 ш.б.;$$

$$X_{17} = X_{14} // X_{16} = \frac{2{,}47 \cdot 1{,}75}{2{,}47 + 1{,}75} = 1{,}02 ш.б.;$$

$$X_{18} = X_{15} + X_{17} = 5{,}58 + 1{,}02 = 6{,}6 ш.б.$$

Қысқа тұйықталу тоғының бастапқы мәні

$$I_{n,0} = \frac{E''_*}{x_*} \cdot I_б, \tag{3.9}$$

мұндағы X_* - нәтиже беретін кедергінің тармақ сұлбасы; $I_б$- базалық ток

$$I_б = \frac{S_б}{U_{ср.К1}} = \frac{1000}{\sqrt{3} \cdot 6{,}3} = 91{,}7 kA.$$

Тармақтағы ток мәндері:

Генератор G1

$$I_{n,0} = \frac{1{,}1}{3{,}87} \cdot 91{,}7 = 26{,}1 kA.$$

Энерго жүйелер

$$I_{n,0} = \frac{1}{6{,}6} \cdot 91{,}7 = 13{,}9 kA.$$

К1 нүктесіндегі қысқа тұйықталу тоғының қосындысы

$$I_{n,0К1} = 26{,}1 + 13{,}9 = 40 kA.$$

К2 нүктесіндегі қысқа тұйықталу

$$X_{19} = X_{15} + X_1 = 5{,}58 + 3{,}87 = 9{,}45 ш.б.;$$

$$I_б = \frac{S_б}{U_{ср.К2}};$$

(3.10)

$$I_б = \frac{S_б}{U_{ср.К2}} = \frac{1000}{\sqrt{3}\cdot 115} = 5{,}03kA.$$

Тармақ бойынша тоқ мәндері:
Генератор G2 және G3

$$I_{n,0} = \frac{1}{1{,}75}\cdot 5{,}03 = 2{,}9kA.$$

Генератор G1

$$I_{n,0} = \frac{1{,}1}{9{,}45}\cdot 5{,}03 = 0{,}53kA.$$

Энерго жүйелер

$$I_{n,0} = \frac{1}{2{,}47}\cdot 5{,}03 = 2{,}04kA.$$

К2 нүктесіндегі қысқа тұйықталу тоғының қосындысы

$$I_{n,0К2} = 2{,}9 + 0{,}53 + 2{,}04 = 5{,}47kA$$

К1 нүктесіндегі соққы тоғы

$$i_y = \sqrt{2}I_{n,0}k_y\,. \qquad (3.11)$$

Генератор G1

$$k_y = 1{,}95 \;\; i_y = \sqrt{2}I_{n,0}k_y = \sqrt{2}\cdot 26{,}1\cdot 1{,}95 = 71{,}9\,.$$

Энерго жүйелер

$$k_y = 1{,}6 \quad i_y = \sqrt{2} I_{n,0} k_y = \sqrt{2} \cdot 13{,}9 \cdot 1{,}6 = 31{,}5 .$$

К1 нүктесіндегі үш фазалық қысқа тұйықталған соққы тоқтарының қосындысы

$$i_{y,K1} = 71{,}9 + 31{,}5 = 103{,}4 кА.$$

К2 нүктесіндегі қысқа тұйықталған соққы тоқ
G2 және G3 генераторларда

$$k_y = 1{,}95 \quad i_y = \sqrt{2} I_{n,0} k_y = \sqrt{2} \cdot 2{,}9 \cdot 1{,}95 = 8 .$$

Генератор G1

$$k_y = 1{,}95 \quad i_y = \sqrt{2} I_{n,0} k_y = \sqrt{2} \cdot 0{,}53 \cdot 1{,}95 = 1{,}5 .$$

Энерго жүйелер

$$k_y = 1{,}717 \quad i_y = \sqrt{2} I_{n,0} k_y = \sqrt{2} \cdot 2{,}04 \cdot 1{,}717 = 4{,}95 .$$

К1 нүктесіндегі үш фазалық қысқа тұйықталған соққы тоқтардың қосындысы

$$i_{y,K2} = 8 + 1{,}5 + 4{,}95 = 14{,}45 кА .$$

3.1 кесте – Есептік нүктелердегі қысқа тұйықталу тоқтары

Қысқа тұйықталу нүктесі	Қысқа тұйықталу нүктесі	$U_{ср.}$, кВ	$I_к$, кА	$i_у$, кА
К1	G1	6,3	26,1	71,9
	Жүйе + G2, G3	6,3	13,9	31,5
К2	G1	115	2,9	1,5
	G2, G3	115	0,53	8
	Жүйе	115	2,04	4,95

4 Тоқ және кернеу трансформаторларын таңдау

4.1 30 МВт генератор тізбегіндегі тоқ трансформаторын таңдау

ЖЭС–1 тоқ сымдарының жинағында ТШПФ – 10 – 4000/5 типті орнатылған ТА бар болса, онда міндетті түрде оны тексеру керек.

4.1 кесте – есептік және каталогтық берілгендер

Есептік берілгендер	Каталогтық берілгендер
	ТШПФ-10- 4000/5
Uуст=6,3 кВ	Uном=10 кВ
Вк=5821 кА2·с	Iтер2·tтер.=(20·6)2·3=57600 кА2·с
iу =180,8 кА	iдин = 400 кА
Z2= 0,943 Ом	Z2 ном =1,2 Ом

4.2 кесте – тоқ трансформаторының екіншілік жүктемесі

Аспап	Аспап түрі	Фаза жүктемесі		
		А , ВА	В , ВА	С , ВА
Тіркеуші амперметр	Н-344	–	10	–
Ваттметр	Д-335	0,5	–	0,5
Варметр	Д-335	0,5	–	0,5
Активті энергия санауышы	СА3-И680	2,5	–	2,5
Ваттметр (қалқан құбыры)	Д-335	0,5	–	0,5
Тіркеуші ваттметр	Н-348	10	–	10
Барлығы:		14	10	14

Аспаптардың жалпы кедергісі:

$$R_{приб.} = S_{приб.}/I_2^2; \quad (4.1)$$

$$R_{приб.} = S_{приб.}/I_2^2 = 14/5^2 = 0{,}56 \text{ Ом},$$

мұндағы I_2 =5 А

Сымға жіберілетін кедергі:

$$R_{пр.доп.} = R_{2ном.} - R_{приб.} - R_к; \quad (4.2)$$

$$R_{пр.доп.} = R_{2ном.} - R_{приб.} - R_к = 1,2 - 0,56 - 0,1 = 0,54 \text{ Ом.}$$

Р = 30 МВт генераторлары үшін А1 желілі кабель таңдалынады, шамалы ұзындығы 40 м, ТА толығымен жұлдызшаға жалғанған, сондықтан lрасч = l, онда сымның қимасы келесідей болады:

$$q = \rho \cdot l / R_{пр}. \quad (4.3)$$

$$q = \rho \cdot l / R_{пр}. = 0,0283 \cdot 40 / 0,54 = 2,1 \text{ мм}^2.$$

Желісі 4 мм^2 болатын АКРВГ кабелін таңдаймыз, онда $R_{пр}$ келесідей анықталынады:

$$R_{пр} = \rho \cdot l / q = 0,0283 \cdot 40 / 4 = 0,283 \text{ Ом.}$$

Онда екіншілік жүктеме былай анықталады:

$$Z_2 = R_{пр} + R_{приб.} + R_к = 0,283 + 0,56 + 0,1 = 0,943 \text{ Ом.}$$

Z2<Z2 ном; қондырғыда тоқ трансформаторлары қабылданады.

4.2 Генератор тізбегі 30 МВт болғандағы тоқ трансформаторлары мен кернеу таңдау

Тоқ сымдарының жинақталған тізбегінде НТМИ – 6 – 66 типті кернеу трансформаторы орнатылған. Оны екіншілік жүктеме бойынша тексерейік.

4.3 кесте – Кернеу трансформаторының екіншілік жүктемесі

Аспап	Тип	S бір орама ВА	Орама саны	cos φ	sin φ	Аспап саны	Ртұт Вт	Qтұт. ВА
Ваттметр	Д-335	1,5	2	1	0	2	6	0
Варметр	Д-335	1,5	2	1	0	1	3	0
Активті энергия санауышы	И-680	2	2	0,38	0,925	1	4	9,7
Реактивті қуат тетігі	Е-830	10	–	1	0	1	10	0
Вольтметр	Э-335	2	1	1	0	1	2	0
Тіркеуші аольтметр	Н-344	10	1	1	0	1	10	0
Частотомер	Э-372	3	1	1	0	2	6	0
Тіркеуші ваттметр	Н-344	10	1	1	0	1	10	0
Активті қуат тетігі	Е-829	10	–	1	0	1	10	-
Барлығы:							71	9,7

$$S_{2\Sigma} = \sqrt{\left(P_2^2 + Q_2^2\right)}; \qquad (4.4)$$

$$S_{2\Sigma} = \sqrt{\left(71^2 + 9{,}7^2\right)} = 71{,}65BA.$$

Таңдалынған трансформатор 75 ВА номиналды қуатқа және 0,5 класс дәлдігіне ие.

Кернеу трансформаторларын аспаптармен байланыстыру үшін желі қимасы 2,5 мм болатын АКРВГ бақылау кабельдерін таңдаймыз. Механикалық беріктілік шартына байланысты:

$$I_{2расч} = \frac{S_{2\Sigma}}{\sqrt{3}U_{2н}}; \qquad (4.5)$$

$$I_{2расч} = \frac{S_{2\Sigma}}{\sqrt{3}U_{2н}} = \frac{71{,}65}{\sqrt{3}\cdot 100} = 0{,}414A;$$

$$r_{пр} = \frac{l\rho_{Cu}}{s}; \qquad (4.6)$$

$$r_{пр} = \frac{l\rho_{Cu}}{s} = \frac{100\cdot 0.0175}{\sqrt{3}\cdot 2.5} = 0{,}4Ом,$$

мұндағы $\rho_{Cu} = 0.0175\frac{Ом\cdot мм^2}{м}$ - мыстың үлесті кедергісі

$l = 100м$ - кедергі ұзындығы

$$\Delta U = \frac{\sqrt{3}\cdot I_{2расч}\cdot r_{пр}}{U_{2н}}\cdot 100\% = \frac{\sqrt{3}\cdot 0{,}414\cdot 0.4}{100}100\% = 0.29\%.$$

0.5% аз-бұл ПУЭ талаптарын қанағаттандырады.

4.3 110 кВ желі тізбегіне тоқ трансформаторларын таңдау

ЖЭС – 1 жинақтық тоқ сымдарында ТГФМ – 110 типті орнатылған ТА бар болса, онда оны міндетті түрде тексеру керек.

4.4 кесте – Есіптік және каталогтық берілгендер

Есептік берілгендер	Каталогтық берілгендер
	ТГФМ-110
$U_{уст}$=110 кВ	$U_{ном}$=110 кВ
I_{max}=551,76 А	$I_{ном}$=1500 А
$B_к$=8,22кА^2·с	$I_{тер}^2\cdot t_{тер.}$=40^2·3=14,4 кА^2·с
$i_у$ = 24,55 кА	i $_{дин}$ = 100 кА
Z_2= 0,871 Ом	$Z_{2\ ном}$ =1,2 Ом

4.5 кесте – Тоқ трансформаторының екіншілік жүктемесі

Аспап	Аспап түрі	Фаза жүктемесі

		A, ВА	B, ВА	C, ВА
Амперметр	Э-335	0,5	0,5	0,5
Ваттметр	Д-335	0,5	-	0,5
Варметр	Д-304	0,5	-	0,5
Активті және реактивті энергия санауыштары	Альфа	0,1	0,1	0,1
Барлығы :		1,6	0,6	1,6

Кестеден көріп отырғанымыздай, жүктелген фазалар болып А және С саналады.

Аспаптың жалпы кедергісі:

$$R_{приб.}=S_{приб.}/I_2^2=1,6/5^2=0,064 \text{ Ом},$$

мұндағы $I_2=5$ А

Жіберілетін сым кедергілері:

$$R_{пр.доп.}=R_{2ном.}-R_{приб.}-R_к=1,2-0,064-0,1=1,036 \text{ Ом}.$$

Тоқ трансформаторларының ОҚБ мен байланысуы үшін ұзындығы 100 м болатын алюминдік желі кабельдер қолданылады.

Ескере кететініміз, ТА толығымен жұлдызшаға жалғанған. Минималды сым қимасын анықтаймыз:

$$q=\rho \cdot l/R_{пр.}=0,0283 \cdot 100/1,036=2,73 \text{ мм}^2.$$

Желісі 4 мм^2 болатын АКРВГ кабелін таңдаймыз, сонда Rпр келесідей анықталынады:

$$R_{пр}=\rho \cdot l/q=0,0283 \cdot 100/4=0,707 \text{ Ом}.$$

Онда екіншілік жүктеме былай анықталады:

$$Z_2=R_{пр}+R_{приб.}+R_к=0,707+0,064+0,1 = 0,871 \text{ Ом}.$$

4.4 110 кВ шиналарына кернеу трансформаторларын таңдау

Тоқ сымдарының жинақталған тізбегінде НКФ-110-58 типті кернеу трансформаторы орнатылған. Оны екіншілік жүктеме бойынша тексерейік.

4.6 кесте – Кернеу трансформаторларының екіншілік жүктемесі

Аспап	Типі	S бір орама ВА	Орама саны	cos φ	sin φ	Аспаптар саны	Ртұт. Вт	Qтұт. ВА
Ваттметр	Д-335	1,5	2	1	0	1	3	0
Варметр	Д-304	1,5	2	1	0	1	3	0
Активті және реактивті энергия	Альфа	2	-	0,5	0,87	2	4	6,96

санауыштары								
Вольтметр	Э-335	2	1	1	0	1	2	0
Тіркеуші вольтметр	Н-344	10	1	1	0	1	10	0
Частотомер	Э-372	3	1	1	0	1	3	0
Тіркеуші частотомер	Н-397	7	1	1	0	1	7	0
Қысымдық әсер ету бекіткіші		3	1	1	0	1	3	0
Барлығы :							35	6,96


$$S_{2\Sigma} = \sqrt{\left(P_2^2 + Q_2^2\right)};$$

$$S_{2\Sigma} = \sqrt{\left(35^2 + 6{,}96^2\right)} = 35{,}69 BA.$$

110 кВ қалыпты кернеуге және екіншілік жүктемеге сәйкес НКФ-110-58 кернеу трансформаторын таңдаймыз ($U_{ном}$=110 кВ , $S_{2\ ном}$ =400 ВА).

$$S_{2\Sigma} < S_{ном}; \quad (4.7)$$

$$U_{уст}=U_{ном}. \quad (4.8)$$



4.1 сурет – TV орамаларының байланысу сұлбасы

Кернеу трансформаторларын аспаптармен байланыстыру үшін механикалық беріктілік шартына сәйкес желі қимасы 2,5 мм^2 болатын АКРВГ бақылау кабелін таңдаймыз.

Кернеу шығындары бойынша тексеру:

$$I_{2расч} = \frac{S_2}{\sqrt{3}U_{2H}} = \frac{35{,}69}{\sqrt{3}\cdot 100} = 0{,}206 A;$$

$$r_{пр} = \frac{l\cdot\rho}{s} = \frac{100\cdot 0{,}028}{2{,}5} = 1{,}12 Ом;$$

$$\Delta U = \frac{I_{2расч} \cdot r_{пр}}{U_н} \cdot 100\% = \frac{0{,}206 \cdot 1{,}12}{100} \cdot 100\% = 0{,}23\% .$$

1,5% аз-ПУЭ талаптарын қанағаттандырады.

5 Электр энергиясының автоматтандырылған бақылау және есептеу жүйесі

5.1 Электр энергиясының автоматтандырылған бақылау және есептеу жүйесін қолданудағы негізгі себептер

Энергия тасушылардағы болжамдалатын бағаның өсуі 3–5 жыл ішінде Батыс Еуропа деңгейіне жетеді, энергия тәуелділіктерде энергия тұтынушыларды басқаруға мүмкіндік болуы керек, себебі, энергия тасушылардағы салыстырмалы салмақ бағасын жоспарланған түрде төмендетуі керек. Бұл энергия тасушылардың коммерциялық және техникалық есептеулерінде мүмкін болады.

Электр энергиясының автоматтандырылған бақылау және есептеу жүйесі қолданыстағы кәсіпорындарда энергия тасушылардың нақты есептеулерін алады және өзімен бірге энергиямен жабдықтау ұйымдарындағы дауларды шешуге арналған арнайы құралдары бар.

Электр энергиясының автоматтандырылған бақылау және есептеу жүйесіндегі энергия тасушылардың техникалық есебі әрбір объектінің максималды режим уақытында өзіне керекті суреттемені және өзінің объектілерін максималды эффективтілікке қосуды жоспарлауына мүмкіндік береді.

Электр энергиясының автоматтандырылған бақылау және есептеу жүйесі электр энергиясын өтеуде дифференциалданған тарифке ие, ал бұл өз кезегінде, өнеркәсіпті жоспарлауда, энергия сыйымды операцияларды максималды жеңілденген тарифтік уақытда ауыстыруға мүмкіндік береді.

Электр энергиясының автоматтандырылған бақылау және есептеу жүйесінің болуы электр энергиядағы айтарлық төменгі тарифтер бар жерлерде өнеркәсіптің көтерме бағасын шығаруда міндетті шарттарының бірі болып табылады.

5.2 Электр энергия есептемелері

Электр энергиясын шығаратын және тұтынушыларға жіберетін қаржылай есептемелерін электр энергиясының есептік есебі деп аталынады. Есептік есептемелер үшін арналған санауыштарды есептемелік санауыштар деп атайды, ереже бойынша балансталған электр тораптарында энергиямен жабдықтау ұйымдары мен тұтынушы шекараларында орнатады. Есептемелік

санауыштар саны әрбір кәсіпорын үшін минималды болуы керек және тұтынушыға қажет берілген электр энергиясының тарифтерімен, тораптарымен қоректенетін сұлбаларға ие болуы керек. Егер есептемелік санауыштар электр тораптарындағы балансталған шекарада орналаспаса, онда торап аумағындағыэлектр энергия шығыны шекара бөлімінен есептемелік санауыштар орналасқан жерге дейін кәсіпорын есебіне ауыстырады және есептемелік жолмен анықтайды. Өнеркәсіптік электр тораптарындағы электр энергия шығындары электр энергиясын таратудағы қосалқы абонентпен байланыстырылады, қосалқы абонент есебіне ауыстырылады және оларды тұтынғандағы тепе-тең үлеске ие. Есептемелік аспап есебі, яғни активті электр энергиясының электр санауыштары, реактивті қуаттар, сонымен қатар жинақтаушы құрылғылар және автоматтандырылған жүйе есебі «электр қондырғыларының құрылғы ережелеріне» сәйкес орнатылады.

Есептемелік электр санауыштарда бекітілген пломба қаптамасы, сонымен қатар электрмен жабдықтау ұйымындағы электр санауыштарының негізгі қысқыш қақапағында пломба болуы керек. Есептемелік аспаптарға мемлекет аралық тексерулер орнатылған мемлекеттік стандарт бойынша белгілі бір уақытта жүргізіледі. Электр энергия есебінде жөндеу жұмыстары энергиямен жабдықтау ұйымымен келісілген уақытша сұлбалар арқылы іске асады. Энергиямен жабдықтау ұйымы баланстық шекарадағы электр тораптарының көрсеткіш мәндері мен электр энергиясының сапасына қолдау көрсетуі керек. Баланстық шекарадағы қажетті электр энергиясының көрсеткіш сапасы электр тораптарындағы энергиямен жабдықтау ұйымын және тұтынушыларды көрсетілген стандарт бойынша және «электр энергиясының электрлік тораптарындағы жалпы тағайындалған методикалық көрсеткіштерініңсапасын бақылау және анализдеу» арқылы анықталады. Электр энергиясының сапасының төмендеуіне кінәлі жақ өзіне материалдық жауапкершілікті «электрлік және жылулық энергияны қолданудағы ережелерге» сәйкес алады. Жалпы жүйеде электр энергиясының есептемелік шығындары техникалық есептемелерде маңызды орын алады, яғни цех бойынша, агрегат сыйымдылығы мен желілері электр энергия шығыны бойынша бақыланады. Өнеркәсіптегі техникалық есптеме аспаптары өз тұтынушыларын кірістіруі керек және келесі талаптарды қанағаттандыруы керек:

1) Әрбір орнатылған санауыштарда бұрандамалар, санауышты бекітетін қаптамалар болуы керек.

2) Үш фазалы орнатылған санауыштарда мемлекеттік тексерулерден өткен, ескілігі 12 айдан аз болмайтын пломба болуы керек, ал бір фазалы санауыштарда ескілігі 2 жылдан кем болмауы керек.

3) Үш фазалық тоқтағы активті электр энергиясының есептемелері мен реактивті қуаты үш фазалық санауыштардың көмегімен өндіріледі.

Техникалық есептемелердің жіберілетін класс дәлдігі төменде және көрсетілген мәндермен сәйкес келуі керек: 1,0–генератор қуаты 12–50 МВт және трансформатор қуаты 10–40 МВА, екі жақтылық қорек көзі кернеуіндегі электр тарату желілері 220 кВ және одан

жоғары, трансформатор қуаты 63 МВА; 2,0–басқа да объектілердің есептемелері.

5.3 Электр энергиясының автоматтандырылған бақылау және есептеу жүйесінің тізбегіне қосылған тоқ трансформаторларына қойылатын талаптар

Тоқ трансформаторлары ақпараттық – өлшеуіш жүйе тізбегінде бірінші түйін болып табылады, өзімен бірге қабылдау құрылғыларына, берілгендерді таратуа және өңдеуге, электр энергиясы санауыштарына, бағдарламаны қамтамасыздандыруға ие. Бірақ, осы барлық құрылғылардың анықтылығы тоқ трансформаторларының төмендеуі кезінде мағынаға ие болмай қалады. Сондықтан тоқ трансформаторларының дәлдік класы соңғы бірнеше жылдан бері ерекше мәнге ие болды. «Дәлдік класс» – бұл трансформатордың ең негізгі сипаттамаларының бірі, анықталған нормативті құжаттардағы өлшеу қателігі берілген мәннен аспайды.

Әрбір ораманың дәлдік класы, бірінші кезекте оның тағайындалу нәтижесімен байланысты таңдалынады. Әрбір орама жекеше сыналады және әрбіріне өзіндік сынама бағдарламасы қарастырылған.

Сонымен, орамалар электр энергиясының коммерциялық есептемесінде 0,5S және 0,2Sдәлдік класы үшін арналған және бес нүкте диапазонында 1%– дан 120%– ға дейін номиналды тоқта тексеріледі. Өлшеу класына арналған орамалар 0,5 және 0,2, сирек қолданылатын класс 1 төрт нүкте бойынша сыналады5%– дан 120% – ға дейін. Орамалар үш түкте бойынша – 50%, 100%, 120% номиналды тоқты қорғау үшін арналған. Мұндай орамалар дәлдік класы «3» сәйкес келуі керек.

Тоқ трансформаторларында мемлекеттік стандарт талабына сай келетін класс дәлдігі көрсеткіште анықталған. Сондай– ақ берілген стандарт МЭК халықаралық стандарт талаптарына сәйкес келеді. Басқаша айтқанда, дәлдік класс– бұл әмбебап, халықаралық және барлық елдерде класс дәлдігін талап ететін МЭК стандартына сай келетін түсінік болып табылады.

Тоқ трансформаторларының кемшілігі оның конструкциясы арқылы анықталады, яғни, келесідей параметрлермен: геометрлік мөлшер және магниттік сым формасы, бұраманың сапасы, орамадағы сым қимасы. Сондай-ақ ең негізгі маңызды факторлардың бірі болып трансформатор кемшілігіне әсер ететін магниттік сым материалдары табылады.

Магниттік материалдардың құрамы, аз біріншілік тоқ кезіндегі орама кемшілігі максималды болады. Сондықтан тоқ трансформаторларын жобалаудағы құрылымдаушының негізгі мәселесі-осы диапазонда дәлдік

класының сәйкес келуіне қол жеткізу болып табылады.

Қазіргі уақытта коммерциялық есептемелерге арналған магниттік сымдарды дайындауда электр техникалық болат қолданылады. Дәл осы құрылым трансформатордың жоғарғы дәлдікке жетуіне мүмкіндік береді.

Трансформатор кемшілігінің біріншілік тоққа тәуелділігі сызықты емес, магниттік сымның магниттеу сипаттамасына тікелей тәуелді болып келеді. Сондықтан дәлдік класына қойылатын талаптар өзімен бірге трансформатор кемшілігі жойылатын әлдебір диапазондарға ие. Дәлдік класс жоғары болған сайын, диапазонда жоғарылайды. Класс аралық айырмашылықтар 0,5 және 0,5S, орамадағы класс кемшілігі 0,5, ол 5% төмен номиналды тоқта нормаланбайды. Дәл осындай тоқтардан электр энергиясының есептемелерінде қателіктер болады, тоқ трансформаторларында дәлдік класс ретінде 0,5S және 0,2S қолдану арқылы бірнеше рет қысқартуға болады.

Қарастырылатын 35 кВ байланысқан электрлік станция ЖЭС– 1 тоқ трансформаторларында күштік ажыратқышқа орнатылған. Бұл трансформатор конструкциясы өткен ғасырдың 50– 60 жылдары өңделген.

Сондай-ақ олар қорпустармен қорғалмағанда, сол үшін жылдар бойы олардың сапасы нашарлай бастады. Қазір мұндай трансформаторлар класс дәлдігі «1» құрамына әрен кіреді.

Сондай-ақ класс дәлдігінің жоғарылауы, ораманың номиналды жүктемесін жоғарылатуға мүмкіндік береді, тоқ трансформаторларына қосылған аспаптардың қорғанысын жақсартады, сонымен қатар ескіру эффектісіне душар емес, яғни уақыт өте келе олардың сипаттамалары нашарламайды.

5.4 «ТОК-С» энергия тасушылар есебі мен автоматтандырылған бақылау жүйесі

Құрылым жинақтамасы мен «ТОК–С» берілгендерді тарату техникалық және коммерциялық электр энергиясының есептемесіне, кәсіпорындарға, өнеркәсіптерге, энергетикаға, транспортқа және ауыл шаруашылығына, жинақтауға, сақтауға және мәліметтерді әр түрлі арна байланыстарына таратуға арналған. УСПД модульдермен, индикациялармен және пернетақталармен жабдықталған.

Негізгі сипаттамалары:

–аумақты мөлшері: 370х150х410

–салмағы 10 кг аз болмауы керек

–жұмыстық температура диапазоны: 0.....+40^{0}С –128 арна есептемелерін қалыптастыруды қамтамасыз етеді

–құрылғылардың сәйкестендірілген тоқтарға және потенциалдарға қосылуын қамтамасыздандырады.

–128 есептеме топтарының құрылуын қамтамасыздандырады. Топтың құрамына 128 арналар да кіруі мүмкін.

–3 минуттық, 30 минуттық, тәуліктік және айлық берілгендерді өлшешуіш құрылғыларына қосылуын қамтамасыздандырады

–жинақталған берілгендерді 40 тәуліктік тереңдікте сақтауды қамтамасыздандырады

–ішкі модем құрылғыларын және арна байланыстарын қолдануға бейімділігін және ерекшеліктерін қамтамасыздандырады.

–радио арналардағы ұялы байланыс стандартындағы GSM 900/1800 MHz модем бейімділігі

–еруші арналар үшін байланыс модульдері, сондай-ақ жергілікті орталықтанған мәліметтер жиынтығы үшін және екіншілік аппаратқа қосылған ВЧ байланыстарын, телефон арнасының жұмысын қамтамасыздандырады.

–УСПД қосылуы үшін арналған модульдер жергілікті есептелген тораптарда Ethernet типті

–спутниктік жүйелерді қолданудағы берілген мәліметтер мақұлданған

– «мөлдір» жұмыс режимі телефонмен параллель телефондық арналарды қолдануда қамтамасыздандырады

– барлық модульдік байланыстар арналардағы асқын кернеулерден жергілікті қорғауға ие

– орнатылған жұқа қабықшалы пернетақта

– сандық он алты разрядтық индикация

– рұқсат етілмеген мәліметтердің өзгеруінен қорғаныс

– УСПД қолжетімділік белгілеулер және рұқсат етілмеген мәліметтердің өзгеруі

– энергияға тәуелсіз сағат қазіргі уақытта жүру дәлдігі тәулігіне +/-5 секундан кем болмауы керек

– 100 жылға арналған күнтізбе, қыстық уақыттан жаздық уақытқа автоматты түрде ауысады

– автоматты байсалды түзетулік уақыт, сонымен бірге дәл сигналдық уақыт

– түзетулік уақытта орталықтанған пунктік қасиетке ие

– энергияға тәуелсіз ес уақыт өте кележинақталған мәліметтерді сақтауда, негізгі және қосымша қорек көздері 30 жылға дейін нақты уақыттың қолдауымен қамтамасыздандырылады

– мәліметтерді сақтаудың автоматты түрде өзгеруі УСПД есептемесіндегі орнатылған активті арна пайдаланушыларына тәуелді

– 90-нан 300 В диапазонында жұмыс істейтін, бір-бірінен тәуелсіз екі қорек көздері бар

– бір-бірінен тәуелсіз екі қоректенетін тораптар автоматты түрде қосымша қоректенулерге ешқандай да шығынсыз қосыла алады.



5.1сурет–Құрылым жинақтама мен «ТОК-С» берілгендерін тарату

Алыстатылған санауыш құрылымдарын «УС-16» қосу Бұл құрылым берілгендерді электр энергиясы санауыштарында жинақтауға арналған, қысымдық байланыс тетігімен жабдықталған және УСПД байланысы арқылы екі сымдық желілерді таратудағы арақашық 15 км дейін болуы керек. УСПД «ТОК-С» қосылуы модульдің көмегімен жүзеге асады, телемеханикалық қысыммен 16 санауыш 3 км арақашықтықта қосылуын қамтамасыздандырады. Электр энергиясының автоматтандырылған бақылау және есептеу жүйесінің құрамы ретінде қарастыру мәліметтерді алыстан қабылдауға мүмкіндік береді және қызмет көрсететін санауыштарда бір мезгілде кабельдік өнім шығының төмендеуіне әкеледі.

5.1 кесте – «УС-16» негізгі сипаттамалары

Сипаттамалар	Мәндері
Қоректену кернеуі	93-242 В
	99-242 В
Тұтынылатын қуат	15 Вткөп емес
Жұмыс температура диапазоны	-40…+60°С
Қосылатын санауыштар саны	16 дейін
Санауыш бойынша желі ұзындығы	3 км дейін
УСПД бойынша желі ұзындығы	15 км дейін



5.2 сурет – «УС-16» қосылған алыстатылған санауыш құрылымы

6.3.28хУС16 модулі. Модуль УСПД құрылымын және «УС–16» концентратының қосылуына арналған. УСПД орнатылған әрбір модуль 8 концентраттың қосылуын қамтамасыздандырады. Қазіргі уақыттағы

элементтік базасы бойынша орындалған, сенімділіктің жоғарғы көрсеткіштеріне, барлық арналарды жоғары кернеулі қысымдардан қорғауға ие. УСПД қайта қосылуы кезінде жинақталған мәліметтерді сақтайды. Логикалық интерфейстік сигналдар модельдерді құрастыру арқылы микро бақылауыштар 1кірісіне түседі. Микро бақылауыш бағдарламасы тікелей кіретін 1мәліметтік сигналдарға анализ жасайды және 10 секундтық немесе 20 секундтық кесінділерді қалыптастырады. Ары қарай сұраныстарға сай УСПД бойынша жіберіледі.



5.3 сурет –8хУС16концентрат қосылуына арналған модуль
АМР1.45.00 кіріс модулі

Модуль УСПД құрылымын және электрлік энергия санауыштарын қосу үшін арналған. Кіріс модулі 48 гальваникалық оқшауланған, оқшаулама кернеуі 1 кВ кіріс арналарынан тұрады және 48 қысымдық шығыс электрлік энергия санауыштарын қамтамасыздандырады.



5.4 сурет – АМР1.45.00 кіріс модулі

5.2 кесте –«УС-16» негізгі сипаттамалары

Сипаттамалар	Мағынасы
Арналар саны	48

Әрбір канлдағы кіріс тоғы, мА	10±3
Тізбектегі оқшаулама кернеулер, аз болмауы керек, В	500
Қоректену кернеулері, В	5±0,1
	12±0,6
Тұтынылатын ток, А,	По 5В, 1,5
	По 12В, 0,5

6 Өмір тіршілік қауіпсіздігі

6.1 Электр қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі техникалық және ұйымдастыру шаралары

Электр қондырғылар дың бірнеше түрі мен жұмыс істеген кезде ереже бұзып, немесе ток жүретін қондырғының ашық жеріне тиіп, кеткен жағдайда адаммын өміріне қауіп төнуі мүмкін.

Адам ағзасына ток тиген кезде, есінен танып қалуы, демалу органдары жұмыс істемеуі және жүйке жүйелерінің бүлінуі мүмкін.

Ток өткізудің екі түрі бар:

1) электрлік соғулар — олар адамның ішкі ағзасын жарақаттайды, жүйке жүйелерін, көкірек клеткаларын жарақаттайды.

2) электрлік жарақаттар — олар адамның сыртқы терілерін жарақаттайды.

6.1 кесте - Адам денесі арқылы өтетін электр тоғының мәніне және тегіне байланысты зақымдалу сипаттамасы

I, мА	50 Гц айнымалы тоқта	Тұрақты тоқта
0,6 – 1,5	Сезіну пайда болуы, қол саусақтарының дірілі	Сезілмейді
5 – 7	Қолдың қалтырауы	Сезіну пайда болуы, Терінің қызуы
8 – 10	Қолды электордан әрең алуға болады, бірақ сүйектер қатты ауырады	Қызудың көтерілуі
20 – 25	Қолды электродан тартып алу мүмкін емес, тыныс алу қиындайды	Бұлшық еттің кішкене қысқаруы
50 – 80	Тыныс алу тоқтайды, жүрек фибрилляциясы басталады	Қатты қызу, қолдағы бұлшық еттің қысқаруы, тыныс алу қиындайды
90 – 100	Жүрек соғуы (әсер ету уақыты 3с көп) және тыныс алу тоқтайды	Тыныс алу тоқтайды

Электр қондырғыларымен жұмыс жасағанда қауіпсіздікті қатамасыз

ететін техникалық шаралар келесі тәртіппен орындалады:

1) Кернеуді өшіру;

2) Коммутациялық аппараттарға алдын ала ескертетін плакаттарды ілу;

3) Жерге қосу құрылғысына жермен тасымалдау қысқышын қосу;

4) Өшірілген құрылғы бөлігінде кернеу жоқ екенін қайта тексеру;

5) Жөндеу орнына «Осы арада жұмыс істеу» плакатын ілу.

Осы шараларды электр қондырғыларын қарап жүретін кезекші персонал орындайды. Егер жөндеу орнына жақын орналасқан тоқ өткізу бөліктері өшірілмейтін болса, онда оларды сенімді етіп қоршайды. Қоршау мен тоқ өтетін бөліктердің арасындағы қашықтық сол тоқ өтетін бөліктердің кВ кернеуіне қатысты метрмен өлшенеді:

15 кВ-қа дейін – 0,7 м;

15 пен 35 кВ – 1 м;

35 пен 110 кВ – 1,5 м.

Кернеуі 1000 В-қа дейінгі электр қондырғыларындағы тоқ өткізетін бөліктерін ұстауға рұқсат етіледі, егер олар оқшаулағыш материалдармен қоршалған болса.

Қорғаныс плакаттары 4-ке бөлінеді:

1) қорғану плакаттары: « тиіспе қауіпті », « жоғары кернеу », «өміріне қауіпті» және тағы басқа;

2) өткізбейтін: «адамдар жұмыс істеп жатыр – қосуға болмайды », « желілерде жұмыс жүріп жатыр – қосуға болмайды »;

3) рұқсат беру: « осы арада жұмыс істеу », «жұмыс істеуге нұсқау»;

4) ескерту, қолданылған шаралар туралы ескеру.

Тоқтың жүріп өту уақытына байланысты жанасу кернеуі және тоқтың рұқсат етілетін мәндері 6.2 - кестесінде келтірілген. Олар қорғаныстық құрылғысын есептеуде қолданылады.

6.2 кесте - Адам арқылы жүріп өтуге рұқсат етілетін жанасу кернеуі және тоқ

Қондырғы	Нормалық шамасы	Тоқтың әсер ету уақыты, с					
		0,1	0,2	0,5	0,7	1,0	3,0
Айнымалы тоқта 1000В дейінгі кернеуде, жиілігі 50Гц	$U_{пр}$, В I_k, мА	500 500	250 250	100 100	75 75	50 50	36 6
400Гц жиілікте	$U_{пр}$, В I_k, мА	– –	500 500	200 200	140 140	100 100	36 8
Тұрақты тоқта	$U_{пр}$, В I_k, мА	500 500	400 400	250 250	200 200	150 150	100 50

Электр қондырғыларымен жұмыс жасағанда қауіпсіздікті қатамасыз ететін ұйымдастыру шаралары:

1) Жұмысты наряд бойынша орындау;
2) Жұмысқа рұқсат алу;
3) Жұмысты қадағалау;
4) Жұмыстағы үзіліс уақытын, басқа жұмыс орнана ауысуын, жұмыстың аяқталғанын рәсімдеу.

Наряд бойынша келесі жұмыстар орындалады:

1) Толықтай кернеуді өшіріп;
2) Жартылай кернеуді өшіріп;
3) Кернеуді өшірмей жұмыс істеу.

Электр қондырғыларында барлық жұмыстар административтік, техникалық, кезекші және операторлы – жөндегіш адамдармен жүргізіледі. Бұл кезде ескерілетін жайт, зақымдану деңгейі жұмыс жасау шарттарына байланысты.

Жұмыстарды үлкен төрт топқа бөлуге болады: тоқ жүретін бөліктерде кернеуді толық сөндіру; кейбір бөліктердің кернеуін сөндіру, кернеу астында жүргізу.

Жұмыс категорияларына байланысты ұйымдастыру жұмыстары әр түрлі болуы мүмкін. Электр қондырғыларында жұмыс қауіпсіздігін қамтамасыз ететін ұйымдастыру шараларына мыналар жатады: өкім немесе наряд бойынша жұмысты беру, жұмысқа рұқсат ету, жұмыс кезінде бақылау, демалыс уақытын беру, басқа жұмыс орнына ауысу және жұмыстың аяқталуы. Электр құрылғыларындағы барлық жұмыстар наряд бойынша, бұйрық бойынша және келесі пайдалануға рет-ретімен өту бойынша орындалады. Наряд - қалыптасқан форманың бланкісінде безендірілген жұмыс орындауға арналған жазбаша есеп. Нарядта бригада құрамы, жұмыс орны, басталу уақыты және жұмыстын аяқталуы; оның қауіпсіз орындалу шарттары, қауіпсіздікке жауап беретін адамдар көрсетілген. Жұмыстың қауіпсіздігіне жауап беретіндер деп наряд шығаратын, жұмыс басқарушы, бригаданың мүшесі болатын адамды айтамыз.

Наряд екі экземплярда шығарылады. Нарядтың мерзімі – 5 тәуліктен көп емес.

Бригада жұмысқа нарядты бергеннен кейін жіберіледі. Жіберуші жұмыстың мақсатын, қандай топ жіберуші бөліктерден кернеу түсірілгенін көрсетеді, қайсысы кернеуде қалғанын, қай жерде өтпелі жерлендіру орналасқанын, жұмысшы қандай оқшауланған қорғаныс құралдарын қолдануын білуі қажет. Алынғаннан кейін бригада жұмыс орындауға кіріседі. Бақылаушы жұмысқа тікелей қатыспайды, тек қана қорғаныстық бағыты бойынша орындалуына қарап, адам өміріне қауіп төнген жағдайда, жұмысты тоқтатады.

Үзіліс кезінде бригада жұмыс орнынан шығарылады, ол туралы белгілі кестеде белгіленуі керек. Жұмыс уақыты аяқталған кезде, жұмыс орны жиналып, орын ауыстыратын жерлеткіштер шешіліп, қорғау, плакаттар, содан соң наряд жабылады. Наряд жабылғаннан соң ғана электр

құрылғы іске қосылады.

Өкім - өнеркәсіптік жұмыстарға ауызша тапсырма беру, ол бір түрде сипатталады. Бұйрық беру тікелей немесе байланыс жүйелері арқылы беріледі және оперативтік журналда тіркеледі. Ол журналда бұйрық берушінің жұмысты орындаушының және бригада мүшелерінің аты – жөндері, жұмыс орындары және оны орындау уақыты, қауіпсіздікті қамтамасыз ететін техникалық және кәсіптік жөндеулер тізімі жазылады. Өкім бойынша қысқа уақыт аралығындағы жұмыс орындалады (1 сағат артық емес). Егер жұмыс бір смена аралығындағы аяқталмаған болса, онда өкім қайта беріліп және жаңадан орындалады.

Пайдалану кезіндегі орындалатын жұмыстар, әрқашан шешілген болады және олар нарядтың немесе бұйрықтың берілуін талап етпейді. Бұл жұмыстардың түрі жұмыс тізіміне жазылып отырады, ол пайдалану кезіндегі кәсіпорынның басты инженерімен немесе бас энергетигімен бекітіледі.

Электр құралдарына электр дрельдері, электрпаяльниктері, электр аралары, орын ауыстыратын шамдар және тағы басқалар жатады. Электр құралдарымен жұмыс істеуге, олармен жұмыс істей алатын және электр қауіпсіздігі бойынша I топтағы адамдарға ғана рұқсат етіледі. Электр қауіпсіздігі бойынша электр құралдарына келесідей жалпы міндеттемелер қойылады. Электр құралдары тоқ жүретін бөліктерден қол жетпейтін жерде болуы керек. Оның корпусы металлдан және берік оқшауланған материалдан жасалады. Резенке шланкта орналасқан көпжелелі өткізуші желілер қолданылады. Егер кернеу 42В тан көп болса корпустары жерге қосылады. Соңғы кезде, электр құрылғыларын қосу үшін түйіспеден басқа корпусы сенімді жерге және нөлге қосылған розеткалар және ашалар қолданылады.

6.2 Қорғаныстық жерге қосу құрылғысына есеп жүргізу

ЖЭО-да қуаты 1000кВА, кернеуі 10/0,4 кВ трансформаторлар бар. Қорғаныстық жерге қосу құрылғысының кедергісін есептеуіміз керек. Жерге қосу құрылғысының кедергісі 5 Омнан аспауы қажет, яғни $R_З \leq 5$ Ом.

Болат стержен диаметрі d=18мм, ұзындығы l=7 м вертикальді болат жолақшасына бір ұшы жалғанып, екінші ұшы меншікті кедергісі ρ=400 Ом·м болатын құмға h_0=0,8м тереңдікте енгізіледі.

Жерге қосқыштардың арақашықтығын a=3м, b=30мм . Периметрі 75х50м. Вертикальды ($R_{вер}$) және горизонтальды ($R_{гор}$) электродтарының токтың жайылуына қарсы кедергілерін келесідей есептейміз:

$$R_B = \frac{\rho}{2\pi\ell} \cdot (\ell n \frac{2l}{d} + \frac{1}{2} \ell n \frac{4h + l}{4h - l}); \qquad (6.1)$$

$$R_B = \frac{400}{2 \cdot 3{,}14 \cdot 7} \cdot (\ell n \frac{2 \cdot 7}{0{,}018} + \frac{1}{2} \ell n \cdot \frac{4 \cdot (0{,}8 + 0{,}5 \cdot 7) + 7}{4(0{,}8 + 0{,}5 \cdot 7) - 7}) = 38{,}7, \qquad (6.2)$$

мұнда, $h=h_0+0,5l=4,3$м

$$R_Г = \frac{\rho}{2\pi\ell} \cdot \ell n \frac{2l^2}{b \cdot h_0} \; ; \tag{6.3}$$

$$R_Г = \frac{400}{2 \cdot 3{,}14 \cdot 7} \cdot \ell n \frac{2 \cdot 7^2}{0{,}03 \cdot 0{,}8} . \tag{6.4}$$

Белгілі а – мен вертикаль электродтар санын табамыз

$$n = \frac{P}{a} = \frac{2(A+B)}{a} ; \tag{6.5}$$


$$n = \frac{2(75+50)}{3} = 84 \text{ дана.}$$

Жерге қосу құрылғысының толық кедергісі


$$R_T = \frac{R_B \cdot R_Г}{(R_B \cdot \eta_B + R_Г \cdot \eta_Г n)} \; ; \tag{6.6}$$

$$R_T = \frac{68{,}7 \cdot 75{,}6}{(68{,}7 \cdot 0{,}94 + 75{,}6 \cdot 0{,}5 \cdot 84)} = 0{,}9 \text{ Ом.}$$

Электродтарды қолдану коэффициенттері: $\eta_в=0,94$; $\eta_г=0,5$ Бұл кедергі талап етілген кедергіден (5 Ом) төмен, яғни қауіпсіздікті арттырады.



6.2. сурет –Қорғанысты жерге қосу электродтарының грунтта орналасуы



6.3 Турбиналық цех

